6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне ұсынылған Маликов Бахытжан Усеновичтың «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер Институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» диссертациялық зерттеуіне ғылыми жетекші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Султангалиева Гульмира Салимжановнадан

Пікір

Б. Маликовтың диссертациялық зерттеулері дәстүрлі және жаңаша теориялық дискурстардың барлық мәселелеріне терең тарихи зерттеуге негізделген. Бұған диссертацияның мазмұны жағынан да, шығармаларда жазылған дереккөздер мен әдебиеттер бойынша да баға беруге болады.

Олардың барлығы қазіргі заманғы гуманитариялық ғылымдардың қажеттіліктеріне сәйкес келеді. Жұмыс институционалдық тарих процессін зерртеу тұрғысынан маңызды. Бахытжан Маликовтың зерттеуі бүгінгі күнде өзекті болып табылады, өйткені құрылымның жүйелік көрінісіндегі әкімшілік құрылымлар мен қазақ болыстарының құрылуының тарихын жазғандар санаулы.

Диссертаияда зерттеудің мақсаты мен міндеттері ықшам түрде тұжырымдалған, ғылыми, әдістемелік ережелер анықталған. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ даласында болыстар институтын қалыптастырудың жеке аспектілерін қарастырудың бағыттары мен дамуы көрсетілген.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері: кіріспе, төрт бөлім, қорытынды мен қосымшадан тұрады. Диссертацияның жеке бөлімдері дәйекті және мақсатты түрде негізделген.

Ұсынылған жұмыстың құндылығы – Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының (Санкт-Петербург) ірі мұрағаттарынан алынған нақты материалдарының мол қоры, атап айтқанда, жеке тұлғалар туралы жаңа материалдар, Қазақстан облыстары үшін болыс басшыларының есімдерінің қайта қалпына келтірілуі. Бұл материалдар бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, сол себепті, ұсынылған зерттеудің жаңашылдығын дәлелдеп, қорытындылар жасайды.

Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы – болыс басшыларының әлеуметтік құрамындағы, қызмет ету мерзіміндегі өзгерістерді, оларды лауазымға тағайындау ережелерін жан – жақты зерттеуден тұрады. Дала аймақтарында болыстық институттың қалыптасу үрдісіндегі ортақ тұстары мен айырмашылықтар айқын көрсетілген.

Диссертацияның барлық бөлімдері өзіндік және тұжырымдамалық сипатта, тақырыптың белгілі аспектілерін дәйекті және негізді түрде ашады.

Ұсынылған диссертациялық зерттеулердің ережелері, қорғауы, өзектілігі әр бөлімнің соңында және жалпы қортынды тұжырымдармен көрінеді.

Диссертация материалдары гуманитариялық ғылымдарға (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және т.б.) қызығушылық тудырады және оларды дәрістерде, арнайы курстарда, семинарларда және Қазақстан мен Орта Азия

тарихы бойынша жалпы курстарда қолдануға болады. Маликов Бахытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер Институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» тақырыбындағы ұсынылған диссертациялық жұмысы жеке және аяқталған зерттеу, сонымен қатар 6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің
профессоры, ғылыми жетекшісі **Султангалиева Г. С.**

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН